Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналдағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы өр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілуді кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

1. Толыққанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Мәсқүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашакорлық.
6. Илеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпеің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел
2. Шаршау және әлсіздік
3. Дене салмағының төмендеуі
4. Температураның ұзақ көтерілуі
5. Түнде тершеңдік
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну
7. Қан түкіру

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту), «Диаскинтест» адамның жұқтырылғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпеің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты бактериоскопиялық және себіндісін зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Ойыл ауданы бойынша туберкулезбен аурушандық бір деңгейде. Жасөспірімдер және балалар арасында ауру тіркелген жоқ.

Манат НҰРТАНОВА, Дәрігер-фтизиатр.

ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР COVID-19

- 1. Коронавирус деген не?**
 Коронавирус адамдардың және жануарлардың да арасында кездеседі. 2019 жылы белгілен алған жаңа коронавирус (COVID-19) алғаш Қытайдан Ухань қаласында анықталды. Бұл инфекцияны жұқтырғандар коронавирусты, пневмонияға шалдығады.
 Ухань қаласында індет өршіген тұста сырттанғындардан көбі теңіз өңірлері мен жануарлар сатылатын үлкен базарға барған, яғни, инфекция басталғанда жабайы жануарлардан жұғуы мүмкін.
- 2. Елдеме бұрын-соңды коронавируска ұқсас ауру болды ма?**
 Коронавирус бұған дейін де әлемді аллексе салған, өси инфекция салдарынан: – 2002-2003 жылдары арасында 37 елде 8 мыңнан астам адам ауыр жеті респираторлық синдром (ТОРС) немесе SARS ауырып, оның 800-ден астамы қайтыс болған; – Тауы Шығыс респираторлық синдромы немесе MERS. 2012 жыл мен 2020 жылдан қатары аралығында 27 елде 2 мыңнан астам адам сырттаннан, оның 160 – қайтыс болды.
- 3. Коронавирус қалай жұғады?**
 Коронавирус адамнан адамға ауа арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде), сондай-ақ науқас пайдаланған тұрмыстық заттар мен алиментаарлық жолмен (тамақ, су арқылы) берілуі мүмкін. Ауа, тамақ өнімдері, тұрмыстық заттардан да жұғады.
- 4. Коронавирустың инфекцияның тасымалдаушы кім?**
 Ауруға шалдыққан адам немесе жануар.
- 5. Жил инфекция қайдан шықты және қалай тарайды?**
 Қытай ғалымдарының мәліметінше, коронавирусты 2019 (COVID-19) табиғи респираторлық жұбын жануарлар (қарғақаттар). Адамдарға Оңтүстік Қытайдағы қатерме сауда базарынан жұпты. Сауда орталықтарда қарғақаттар мен қабайы жануарлар сатылады.
- 6. Коронавирустың инфекцияның негізгі симптомдары?**
 жөкіз; жөтел; ентігу;
- 7. Вирус сырты ортада да өмір сүруге мүмкін?**
 Коронавирус сыртқы ортада тұрақсыз, дезинфекциялық, құрғақтық сілтір бар заттарға шыдамды. 57 күнге және одан жоғары температурада да өледі.
- 8. Инфекцияның инкубациялық кезеңі?**
 Инкубациялық кезең (жұқтырған сәттен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін) 2-ден 14 күнге дейін, көбіне 2-7 күн.

ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫЕ ВОПРОСЫ COVID-19

- 1. Что такое коронавирус?**
 Коронавирусы – это большое семейство вирусов, которые распространены как среди животных, так и среди людей. Новый коронавирус 2019 года (COVID-19) – это вирус, который является причиной вспышки новой коронавирусной пневмонии заболевания, впервые обнаруженной в г. Ухань, Китай. Многие заболевания в период вспышки заболевания в г. Ухань, Китай, имели связь с крупным оптовым рынком морепродуктов и животных, что предполагает первоначальное заражение от диких животных.
- 2. Были ли ранее схожие случаи заболевания, вызванные коронавирусом в мире?**
 Ранее коронавирусы уже вызывали вспышки заболеваний, в том числе они являлись причиной: – тяжелого острого респираторного синдрома (ТОРС) или SARS в 2002–2003 годах, когда в 37 странах заболело более 8 тысяч человек, из которых умерло более 800 человек; – ближневосточного респираторного синдрома или MERS. За период с 2012 года и по январь 2020 года в 27 странах заболело более 2 тысяч человек, из которых 780 умерло.
- 3. Какой путь передачи коронавируса?**
 Коронавирус может передаваться от человека к человеку воздушно-капельным путем (при кашле, чихании, разговоре), также заражение может происходить контактным (через предметы обихода) и алиментарным (через зараженное пищу/воду) путем. Ваксинами передачи являются воздух, пищевые продукты, предметы обихода.
- 4. Кто является источником коронавирусной инфекции?**
 Заболевший человек или животное.
- 5. Откуда произошло заражение этой инфекцией?**
 Природным резервуаром коронавируса 2019 (COVID-19) по данным китайских ученых является дикая животно (летучий мышь). Основным местом, откуда произошло заражение человека, стал Ухань-Китайский оптовый рынок морепродуктов и дичи, приобретались дикая животно, включая летучих мышей и пресмыкающихся.
- 6. Основные симптомы коронавирусной инфекции?**
 лихорадка; кашель; одышка;
- 7. Вирус устойчив во внешней среде?**
 Коронавирус неустойчив во внешней среде, погибает при температуре 57 градусах С и выше, неустойчив к дезинфицирующим и спиртосодержащим средствам.
- 8. Какой инкубационный период инфекционной?**
 Инкубационный период (с момента заражения до появления признаков заболевания) составляет от 2 до 14 дней, чаще 2-7 дней.

Сұрақ туындаған жағдайда мына нөмір бойынша хабарласуға болады **1406**

В случае возникновения вопросов рекомендуется звонить по номеру **1406**

ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР COVID-19

- 9. Бұл инфекция емделме ме?**
 Әзірге арнайы емі жоқ. Науқастар патогенетикалық және симптоматикалық ем алады.
- 10. Инфекцияға қарсы вакцина бар ма?**
 Қазіргі уақытта бұл инфекцияға қарсы вакцина жоқ.
- 11. Коронавирустан қалай қорғануға болады? Алдын алу шаралары:**
 Алдын алу шаралары: – респираторлық аурулардың белгілері байқалған жағдайда медициналық маска киіп жүру, оны 2-3 сағат сайын ауыстыру; – мүмкіндігінше адам көп жиналатын жерлерге бармау; – респираторлық аурулардың белгілері бар адамдарға жақындамау; – көз келген қорғанды, орнанып қолданып кейін және тамақ алағанда қолды кезінде 20 секунд сабынмен күнжіят жуу немесе құрамында сілтірі бар санитайзермен сүрту; – адамның көзіне, мұрнына, бетіне жақындамау; – жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды майлықпен жабу.
- 12. Қазақстанда жаңа коронавирусты жұқтырғандар бар ма?**
 Бүгінде Қазақстанда коронавирусты жұқтырған науқас тіркелген жоқ.
- 13. Елдеме жаңа коронавирустың пневмония алғаш рет қашан тіркелді?**
 Жаңа коронавирустың инфекция алғаш рет 2019 жылы 8 желтоқсанда Қытайдан Ухань қаласында тіркелген. Індет теңіз өңірлері сатылатын қатерме сауда базарынан шығуы мүмкін.
- 14. Қазақстанға жаңа коронавирусты тасымалдануы мүмкін бе?**
 Инфекцияның таралуы әбден мүмкін. Қазақстанның санитарлық-эпидемиологиялық қызметі ұжымдарда, ТЖ өткізу пункттерінде шетелден келген барлық азаматтарды жіті тексеруді (қолыңыңар мен киілақ мүшелері термометрмен тексеріледі).
- 15. Коронавирустың инфекцияның симптомдары байқалған жағдайда қандай бару қажет?**
 Жіті респираторлық инфекцияның немесе жаңа коронавирустың пневмонияның белгілері байқалған кезде медициналық мекемеге бару қажет, науқастың қағдайы нашарласа, бірден медициналық жедел жәрдем шақыру керек, жедел жәрдем бригадасы келгенше алдын алу шараларын сақтаңыз (өзге адамдарға жақындамаңыз, жөтелу әбден сақтанңыз, маска киің, өз бетіңізше емделмеңіз).
- 16. Жаңа коронавирустың пневмониядан адам қайтыс болуы мүмкін бе?**
 Жаңа коронавирусты жұқтырған науқастардың 3 пайызы жұпты қайтыс болды.

ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫЕ ВОПРОСЫ COVID-19

- 9. Есть ли лечение этой инфекции?**
 Специфическое лечение на данный момент отсутствует. Проводится патогенетическое и симптоматическое лечение.
- 10. Есть ли вакцина против этой инфекции?**
 Вакцина против данной инфекции до настоящего времени не разработана.
- 11. Как защититься от коронавируса? Меры профилактики:**
 Меры профилактики: – носить медицинскую маску при наличии симптомов респираторных заболеваний, использовать однократно, меняя каждые 2-3 часа; – по возможности не посещать места массового скопления; – избегать контактов, с лицами имеющими симптомы респираторных заболеваний; – тщательно мыть руки с мылом не менее 20 секунд или протирать спиртосодержащими салфетками после посещения любых общественных мест и перед едой; – максимально избегать прикосновения к глазам, носу, рту; – во время кашля или чихания использовать салфетки для прикрытия рта и носа.
- 12. Зарегистрированы ли в Казахстане случаи заболевания нового коронавируса?**
 На сегодняшний день случаев заболевания в Казахстане не зарегистрировано.
- 13. Когда был зарегистрирован первый случай новой коронавирусной пневмонии в мире?**
 Первый случай новой коронавирусной инфекции зарегистрирован 8 декабря в г. Ухань, провинция Хубэй в Китае и был связан с оптовым рынком морепродуктов.
- 14. Есть ли вероятность завоза коронавирусной инфекции в Казахстан?**
 Вероятность завоза инфекции существует. Санитарно-эпидемиологической службой Казахстана усилен контроль в аэропортах, в ЖД пунктах пропуска за всеми прибывающими в страну гражданами. (Проводится термометрия пассажиров и членов экипажей).
- 15. Куда обратиться если есть симптомы схожие с коронавирусной инфекцией?**
 При появлении симптомов острой респираторной инфекции или подозрения на новую коронавирусную пневмонию необходимо обратиться в медицинское учреждение, в случае тяжелой формы немедленно вызвать скорую помощь на дом до приезда бригады скорой помощи соблюдать меры профилактики (ограничение контакта с людьми, соблюдение этикета кашля, ношение маски, не заниматься самолечением).
- 16. Какова смертность от новой коронавирусной пневмонии?**
 Смертность от новой коронавирусной пневмонии составляет на сегодняшний день около 3 %.

Сұрақ туындаған жағдайда мына нөмір бойынша хабарласуға болады **1406**

В случае возникновения вопросов рекомендуется звонить по номеру **1406**

КАКИЕ СУЩЕСТВУЮТ МЕТОДЫ ЗАЩИТЫ ОТ НОВОГО COVID-19?

- 1. Поддерживайте хорошую гигиену рук. Часто мойте руки с мылом и используйте дезинфицирующие средства для рук (жидкие антисептики), особенно после кашля, чихания или использования туалета, перед обработкой или пригласившем лица, а также после контакта с больными или их личными вещами**
 - 2. Ношение маски в первую очередь рекомендуется при наличии симптомов простудного заболевания!**
 - 3. Максимально избегайте прикосновения глаз, носа, лица**
 - 4. Максимально избегайте контакта с больными людьми и их принадлежности, в случае вынужденного контакта носите маску**
 - 5. Во время кашля или чихания используйте салфетку для прикрытия рта и носа, после чего утилизируйте их в мусор и тщательно помойте руки. В случае если вам не доступны салфетки избегайте использование ладоней, воспользуйтесь локтевым сгибом для прикрытия носа и рта во время чихания**
 - 6. Придерживайтесь хороших гигиенических привычек в целом**
 - 7. Тщательно мойте овощи и фрукты перед их употреблением**
 - 8. Сбалансированное питание, занятия физической культурой, а также полноценный восьмичасовой сон помогут поддержать иммунную систему вашего организма в хорошем состоянии**
- www.hls.kz

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1654 дана. Тапсырыс №331 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ӘКІМ ҚАРИЯЛАРМЕН КӨРІСТІ

БІЗДІҢ ӨНІРДЕ НАУРЫЗ 14-І КҮНІ БАСТАЛАДЫ. ҚАЙ УАҚЫТТАН ЕКЕНІН ДӘЛ ЕШКІМ ТАП БАСЫП АЙТА АЛМАЙДЫ. СОНДЫҚАН, ҚАНДАЙ УАҚЫТ БОЛСА ДА, ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРДЕН АТТАМАҒАН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ДӘЛ СОЛ КҮНІ ОЙЫЛДЫҢ ҮЛКЕН ҚАРИЯЛАРЫНА СӘЛЕМ БЕРІП, КӨРІСІП ШЫҚТЫ.



Алдымен ардагер ұстаз Рухан Алманиязоваға сәлем берді. Тоқсанға таяса да жадынан жаңылмаған, есте сақтау қабілетімен бізді «сүріндірген» алай әзімінен тете, алғашқы шәкірттерінің атын жаңылмай айтқанда, таңданбасқа амал болмады. Наурыз көже мен ақ дөміні ұсынып, жастарға ақ батасын берген ана Ойылдың бүгінгі келбетіне шынайы ризашылығын білдірді.

Одан соң аудан басшысы мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы тыл ардагерлері Нұрсұлтан Базаров пен Мұқаш Шаймақов және еңбек ардагері Өтеген Сағатовтардың отбасына барып, көрісті.

ҮШ КӨШЕГЕ - ҮШ ТҮЛҒА

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ СЕЛОПЫХ ОКРУГІНДЕ СЕЛОПЫХ ОКРУГ ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИЫНЫ ӨТТІ. КЕЗДЕСУДЕ ОСЫДАН БІР АЙ БҰРЫНҒЫ АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНІҢ 11 АҚПАН КҮНГІ №6 САНЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ХАБАРЛАНДЫРУҒА СӨЙКЕС, ОЙЫЛ СЕЛОПЫНДАҒЫ АТАУСЫЗ КӨШЕЛЕРІНЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.



Яғни, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергі-

лікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып, талқыланған мәселе де Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық онаматика комиссиясының ұсынысымен енгізілген «Тарихи атауларға» басымдық берілетінін аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қоғамдастық мүшелеріне жан-жақты түсіндірді. Сондықтан, Ойыл селосындағы үш атаусыз көшеге Өл-Фараби, Асан Қайғы, Халел Досмұхамбетұлының аттарын беру туралы тоқтамға келді.

ЖОЛДАУ ЕЛ ТІЛЕГІН ЕСКЕРЕДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫ ТАЛAI МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШІМІН ТАБУЫНА АПАРАТ ЖОЛ. ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА СОТ ТӨРЛЕПІНІҢ САЛПАСЫ ОДАН ӨРІ ЖАҚСАРТЫП, ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІН ЖӘНЕ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ХАЛЫҚТЫҢ МҰҚТАЖЫ ЕСКЕРІЛІП, БІРҚАТАР ШАРАЛАР АТҚАРЫЛДЫ.

Атап айтқанда сот талқылауының жариялылығы бойынша - іске қатысатын адамдардың және басқа да адамдардың, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны залда отырған орындарынан аудиожазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқығы бар. Сот талқылауы зальында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио- және телетрансляция жүргізуге, интернетті ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейне-трансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып іскер беріледі. Бул заң нормалары сот талқылауларының ашық өтуіне өз септігін тигізеді.

Қ.Тоқаев өз жолдауында сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресті күшейту мәселесін көтерді. Соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық тұрғыда қарастыру тапсырылды. Аталған тапсырма сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, азияуына септігін тигізеді.

2020 жылы Жолдауда берілген тапсырмаларды жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Нақты айтқанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабында, яғни жүргізушінің көлік құралын алко-гольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру туралы бабындағы құқық бұзушылық талаптары қатан-датылды. Аталған баптың бірінші бөлігіндегі құқық бұзушылық орын алған жағдайда көлік жүргізуші он бес тәулікке әкімшілік қамқақ алынып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Бул еңгізілген өзгерістің мақсаты адам өмірімен қоғамдық тәртіптің сақталуына бағытталған шаралардың етімі.

Еліміздің биік белестермен жоғары нәтижелерге жетуіне Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауы бағдар көрсетіп тұр. Сондықтан еліміздің болашағы үшін жолдауды сараптаумен шектелмей, орындауында ат салысқан кезде ғана еліміздің келешегі кемел болары анық.

Сауле ТАНИМОВА, Ойыл аудандық сотының төрағасы.

Сессия

БИЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРЖЫ КӨП

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. АУДАНДЫҚ АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӨРІГЕРІ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ СӘНДІБЕК НҮРБАЕВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН СЕССИЯҒА 11 ДЕПУТАТТЫҢ АЛТАУЫ ҒАНА ҚАТЫСТЫ. КҮН ТӨРТБІНЕ 16 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ. АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛАТЫН НАҚТЫ ІСТІҢ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛІП, ӨР МӘСЕЛЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. БІЗ ӨЗЕКТІ ДЕГЕН БІРҚАТАР МӘСЕЛЕНІ ШОЛЫП ӨТСЕК, АЛҒАШ БОЛЫП ЖАСТАР САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ БОЛАТУЛЫ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ. «



Жастарды, жас отбасылар қол-жетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабы. Осы мақсатта ауданда былтыр басталған құны 71 млн. теңгені құрайтын 2 пәтерлі 6 тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді. Сонымен қатар екі қабатты 8 пәтер және бір пәтерлі 14 тұрғын үйдің құрылысын жасақтау үшін жобалау сметалық құжаттарына облыстан 7 млн. теңге қаражатқа сұраныс берілді. Осы жобалаулармыз жүзеге асатын болса, заң талаптарын сақтай отырып, мүмкіндігінше жас отбасыларға қолдау көрсетеміз. Қазіргі таңда 29 жасқа дейінгі 36 жастар мен жас отбасылар тұрғын үй кезегінде тұр. Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші маңызды рөлге ие. Осы бағытта ауданымызда жастарды жұмыспен қамтуды мақсат ететін «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Гүлдене бер, туған ел!» марафон эстафетасы сынды жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді» - деп, өткен жылы жастармен бірлесіп жасалған игі істер мен нәтижелі жетістіктері жөнінде кеңірек мәлімет берді. Алайда аудан өкімі Асқар Қазыбаев «Жасыл ел», «Гүлдене бер, туған ел!» сынды аббатандыру жұмыстарына қатынасқан жастарды жиі бақылауда ұстап, текке бос уақыт өткізбеулері үшін үнемі қадағалауға тапсырма берді. Сессияда қаралған өзекті мәселелердің қатарында слонның тазалығы да болды. Бул жөнінде баяндама жасаған Ойыл аудандық округінің өкімінің міндетін атқарушы М.Қазмұханов өткен жылы қоршаған ортаға, малдарға зиянын келтіретін қаңғыбас иттердің көбейіп кетуіне байланысты оларды жою мақсатында ветеринария мамандары арқылы 209 бас қаңғыбас ит жойылып, алайда тұрғындар жаз айларында малдарын өріске дейін айдамай, үйлерінен шығарып жіберу салдарынан, не болмаса бұзауларын үйлерінен шығарып оларды қадағалау салдары барын жасырмай жеткізді. Осы тәртіпсіздікті болдырмау үшін алдағы уақытта округ тарапынан тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бос жүрген малдары тиісті орынға қамалып, жергілікті уақсәлік инспектор, аудандық ветеринария және округ мамандарымен қамалған малдардың сыра нөмірлері арқылы анықтап, малдардың иелеріне ветеринария мамандары арқылы актілер жасақталып, айыппұлдар салынатындығын баса айтты. Келесі кезекте, Республикалық бюджеттен «Халықтың әлеуметтік жағынан өлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алуға» - 16800,0 мың теңге, Облыстық бюджеттен «Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға» - 50 000,0 мың теңге және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға» - 1770,0 мың теңге тартылғандығын жасырмай кезіккен Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысы Қайнарбай Ұлықпанов аудан бойынша ер салаға белгіленген қаржыны айтпағанда ағымдағы жылы ауданның басы бос қаржысы есебінен Ойыл аудандық округіне - 54814,3 мың теңге 3 көшеге ағымдағы жөндеу және 9 көшеге шебен төсеуге, 7 ауылдық округке елді-мекендерді аббатандыру мен көгалдандыруға 48909,7 мың теңге аудандық бюджет есебінен трансферттер бөлінгендігін мәлім етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕГІ ЖЕР УАСКЕЛЕРІН ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттік меншіктегі жер және пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығы, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру ҚР Жер кодексінің 43-1-бабында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс (бұдан әрі - конкурс) негізінде жүзеге асырылады.

Конкурсты өткізу туралы хабарламаны тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспа басшыларында, жергілікті атқарушы органдарының сондай-ақ өз интернет-ресурсында, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық үкілетті органның интернет-ресурсында, арнайы ақпараттық стендтерде жарияланады.

Конкурсты өткізу туралы хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап қолжетімді оның күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда - күнтізбелік он бес күн өткен соң конкурс қатысуға арналған өтінімдерді қабылдауды бастайды. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда - он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде Жер кодексінің 43-1-бабының 9-тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылуы тиіс.

Конкурстың ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықтың жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандық анық сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртаптапандыру бойынша

мамандары арқылы 209 бас қаңғыбас ит жойылып, алайда тұрғындар жаз айларында малдарын өріске дейін айдамай, үйлерінен шығарып жіберу салдарынан, не болмаса бұзауларын үйлерінен шығарып оларды қадағалау салдары барын жасырмай жеткізді. Осы тәртіпсіздікті болдырмау үшін алдағы уақытта округ тарапынан тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бос жүрген малдары тиісті орынға қамалып, жергілікті уақсәлік инспектор, аудандық ветеринария және округ мамандарымен қамалған малдардың сыра нөмірлері арқылы анықтап, малдардың иелеріне ветеринария мамандары арқылы актілер жасақталып, айыппұлдар салынатындығын баса айтты. Келесі кезекте, Республикалық бюджеттен «Халықтың әлеуметтік жағынан өлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алуға» - 16800,0 мың теңге, Облыстық бюджеттен «Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға» - 50 000,0 мың теңге және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға» - 1770,0 мың теңге тартылғандығын жасырмай кезіккен Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысы Қайнарбай Ұлықпанов аудан бойынша ер салаға белгіленген қаржыны айтпағанда ағымдағы жылы ауданның басы бос қаржысы есебінен Ойыл аудандық округіне - 54814,3 мың теңге 3 көшеге ағымдағы жөндеу және 9 көшеге шебен төсеуге, 7 ауылдық округке елді-мекендерді аббатандыру мен көгалдандыруға 48909,7 мың теңге аудандық бюджет есебінен трансферттер бөлінгендігін мәлім етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитарлық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.

Конкурстың ұсыныста өтімі беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні жер комиссиясы түскен жабық конверттерді ашу жолымен (конкурсқа қатысушылардың қатысуынсыз) конкурстың қорытындысын шығарады. Жер комиссиясының отырысы Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес аудио-бейнежазба құралдарының көмегімен міндетті түрде тіркеледі.

Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы, есептемелердегі қателіктердің, құжаттардағы барлық қолтаңбалардың барлығын зерделейді, сондай-ақ, жалпы рәсімдеудің дұрыстығын тексереді, конкурстың ұсыныста көрсетілген бизнес-жоспар, оның ішінде, инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру жолымен өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

Инвестиция сомасында өнімдерді сақтау және өңдеу объектісін салуға, ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған үй-жайлар салуға, технологиялық жабдықты сатып алуға бағытталған қаражат есепке алынбайды. Ең жоғары балл алған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Салынатын инвестицияның расталған көлемімен екі және одан да көп конкурстық ұсыныстар болған жағдайда конкурс жеңімпазы комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықталады. Бул жағдайда ең жоғары балл алған және комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған қатысушы жеңімпаз болып танылады. Жер комиссиясының шешімі хаттамалық шешіммен ресімделеді. Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне жер комиссиясының төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ жер комиссиясының хатшысы қорытынды шығарылған күні қол қояды.

Ж.ЕРЖАНОВ, Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ӘСЕМ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ТАМАҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Әсем» бөбекжай-бақшасы тәрбиеленушілерін тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін азық-түлік сатып алу бойынша конкурс қорытындысына сәйкес ЖК «Адай» жеңімпаз болып танылды. По итогам конкурса по приобретению продуктов питания для обеспечения питанием воспитанников «Асем» ясли-сад» победителем признан ИП «Адай».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл Несие» НС ЖШС-і жарғылық қорының көлемі азаятындығы туралы хабарлайды.

Міндеттемелерді орындау туралы талаптар мен тілектер екі ай ішінде Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі 69 ғимарат, 3-қабат, 316 бөлмеде қабылданады.

Баланыс телефоны: 8/71332/2-11-51. Элэронды пошта:oil_kt@mail.ru. Ал құжаттардың көшірмелері несие серіктестігі мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға ұсынылатынын ескертеміз!

«Ойыл Несие» несиелік серіктестігі ЖШС.

ТЫШҚАН ЖЫЛЫ КІРДІ

Мыңдаған жылдар бойы Наурыз өртүрлі ұлттың, өртүрлі сенім-нанымының көйлегі киді. Өбден түрленіп, алуан түрлі бояуға оранды. Бірін-бірі толықтырып, тәжірибе алмасып, өр ұлт өзінше тойлай беретін болды. Наурыздың мән-мағынасы - көктемнің жасампаз күшін, бейбітшілік құндылығын жан-жақты насихаттау, адамдарды достық пен татулыққа шақыру, адам мен табиғат арасындағы үйлесімді құрметтеу. Қарапайым және қызық деталь, Наурыз мейрамында қазақтар мал соймайды. Соғыман қалған өлі ет, яғни сүрленген етті пайдаланады. Төрт түліктің төлдейтін, көбейетін мезгілі. Жердің киесі, елдің иесі барын ешқашан ұмытпаған қазақтың Наурыз тойына қатысты айтылар өңгімесі өте көп. Құлағы тесік, кеудесі есік, жан-дүниесі толған рухына қазына қарттар өңгімесінің өлкіссасын Адам Ата мен Хауа анадан бастайды ғой.

Наурызда аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі. Бул күнді еліміздің батыс өңірі Амад, Көрісу мерекесі деп атаса, оңтүстік өлке «Самарқанның көк тасы еріген күн» деп ерекше қадірлейді. Ал Шығыс және Орталық Қазақстан тұрғындары арасында бұл мейрам Отамалы деп аталады. Наурыздың бар қазақ үшін мұраты бір - ол бауырмалдық пен ауызбіршілік, қонақжайлық айналы.

Көрісу күні 14 наурызда басталады. Бірақ, Ақтөбенің біраз жерінде, Хорезм ойпатында көрісу мен Наурыз көже пісіруді 13 наурызда бастап жібереді. Дүрбелені мен дақпырт өңгімесі көп жылдың жалғасы жақсы болғай.

Тышқан жылы құтты болсын.

Айшуақ ДӨРМЕНҰЛЫ.

Наурыз аңыз



Ұлыстың ұлы күндерінде, күн мен түн теңесіп, Өз-Наурыз кіріп келгенде Жер мен Көкті жарып бір гүл өтетін көрінеді. Оны адамзаттан Шопан ата, ал, күллі мақұғат ішінде қой ғана сәзеді екен. Жаңағы гүл өткенде қой отары тұрған жерінде төңселіп кетеді делі. Гүлдің ерекшелігі бүкіл тіршілік иесінің бойымен өтетінінде. Оның ішінде адамзат та бар. Өзе бойындағы тылсым бір қуат көрнеді. Қуаттың құдреті дәл осы кезде адамдар не ойласа, нені қаласа сол амалға ұласады...

Көк тасы ерігенде сен қандай жансың, жүрегің еттен бола тұра неге сонша тастайсың? деп сараңды да сапқа тұрғызаған. Осындай ұлы күндерде жоқ-жітігі, жетім-жесірлерге жылу жылы берген. Жаңағы гүл өткенде қой отары тұрған жерінде төңселіп кетеді делі. Гүлдің ерекшелігі бүкіл тіршілік иесінің бойымен өтетінінде. Оның ішінде адамзат та бар. Өзе бойындағы тылсым бір қуат көрнеді. Қуаттың құдреті дәл осы кезде адамдар не ойласа, нені қаласа сол амалға ұласады...

Наурыз келді. Бабалар жолын ұстаумен, ұлттың ұйытқысы болайық. Бір-бірімізге жақсылық тілейік. Аузымыздан жақсы сөз шықсын. Жік-жік бөлінбейік. Бүгінбейік. Өз-Наурыз құтты болсын, ағайын!

Наурыз туралы қызықты дерек

Түркі халықтарында жаңа жыл көктем мерекесімен бірге басталады. Яғни, 22 наурыз — Жыл басы. Осы орайда Наурыз мейрамына байланысты қызықты деректі сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.

Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты өдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Өзбекстанда «Сумалак» — наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан өзірленеді.

Наурыз мерекесі 18 ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі.

Наурыз мейрамы — діни мерекем емес. Бул — қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жаы қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бул күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызғұл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Бас Ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурыздың көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз айма-

ғында, Кавказда, Орта Азияда және Тянь Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын» мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттық материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

8. Наурыз — көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болумен бірге, халқымыздың сап-дәстүрлерін құрметтеу, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған өнегелі, өнерлі азамат тәрбиелейтін ұлттық мейрамымыз.

Бұрын Наурыз мейрамын тойлау таң атуды қарсы алудан басталды. Бул ежелгі ғұрыптардың біріне «булақ көрсен, көзің аш!» деген мәтелге байланысты болды.

Бул күні шаш алуға, тырнақ алуға болмайды, өйтпесе сап болып қаласың дейді. Айналасың жан иесінің бәрі «өзден» кейін ғана ерекше күшқуатқа ие болады. Халықта мынадай қанатты сөз бар: «Өз болмай, мез болмай».

Бул мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді. Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамад (амал) айының 1-жұлдызы болып есептеледі. Хамад — Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амад кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы амад. Мереке күні қар жауып тұру жақсы ырым деп саналған. Бізге жеткен қазақ аңыздарында қыздың сулулығы Наурыздың ақ қарына теңестеріледі. Бул таңғажайып жайт емес, өйткені наурыздың қар өдетте жұмсақ, ерекше аппақ болады.

Наурыз айы туғанда өтетін «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол наурыздың 14-інен басталып, айдың соңына дейін жалғаса береді.